



\* *Дулат Бабатайұлы*

*(1802-1874)*



**Дулат Бабатайұлы** (1802, Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Сандықтас қонысы — 1874, сонда) — көрнекті **ақын**. Өлеңдері ел ішінде көп тараған. Дулат шығармалары негізінен **дидактикалық** негізде жазылған. 1880 жылы Қазанда жарық көрген «Өсиетнама» деген жинағына ақынның замана туралы толғаулары енген.

**Орта жүз** құрамындағы **найман** тайпасынан шыққан. Өмірі туралы деректер толық зерттелмеген. Өлеңдері ел ішіне ауызша және **қолжазба** түрінде таралған.





Ақын «Тегімді менің сұрасаң», «Ал, қарағай сұлу сындарлы», «О, Сарыарқа, Сарыарқа», «Асқар таудың сәні жоқ» атты өлеңдерінде ел басқару ісіндегі озбырлық, әділетсіздікті, патшаның отаршылдық саясатының әсерінен жер-қонысынан айрылған ел жағдайын сөз етсе, «Сүлейменге», «Кеңесбайға», «Бараққа», «Ел аралаған ишанға», «Еспембет» өлеңдерін жеке кісілерге арнайды. Ақын 19 ғасырдың 40-50 жылдарында өндіре жазған. Бұл - Ресей патшалығының қазақ жерін отарлау саясатының барлық салада бел алған кезі. Дулат осыны жыр өзегі етсе, кертартпа феодалдық-хандық дәуірді жоқтағаны емес, тәуелсіздікті, еркіндікті аңсағаны еді.

**Дулат - жыраулық мектептен шығып, ақындық мектепті күшейткен суреткер. Бұл - жыраулықтың төмендігінен, әлсіздігінен емес, заман талабынан туған бетбұрыс. 19 ғасырдағы қазақ поэзиясы үшін енді өлең арқылы ақыл-насихат дидактикалық сипат пен заман, қоғам, адам туралы жалпы философиялық толғаныстар аздық етеді. Еңдігі жердегі поэзиядан нақтылыққа көшіп, заманға ілесіп отыру, жалпы насихаттан гөрі сынау, күйіну, сүйіну сияқты нақты суреттерге бару талап етіледі. Дулатты кейде, тіпті, жырау деп атағанымен және сырт қарағанда өлең-жырлары 7-8 буынды жыр өлшемімен келгенімен, ол жырау емес, ақын. Өйткені, құрылымдық және тақырыптық бітімі жағынан Дулаттың өлеңдері бұрынғы жырауларды былай қойғанда, тіпті кешегі Бұхар толғауларынан, одан қалды езімен тұстас ақындардың туындыларынан мүлде өзгеше құрылған дүниелер. Жазба поэзияның өлең әдісі ауызша дамыған өлең-жырлардан ерекшеленетін болса, сол өзгешеліктің бірі - шығарманың белгілі мақсатпен ажыратылатын ірі бөліктерге, ғылым тілімен айтқанда, шоғыр (тирада) дегендерге бөлінуі.**



Әр бөлік бір шағын идеяны (тақырыпты) білдіруі шарт, сонымен қатар әр бөлікті шоғыр етіп тұратын құрылымдық белгілері болуы қажет. Шоғырлардың тармақ сандары біркелкі болмайды және әр шоғырдың соңғы жолындағы ұйқас өзге шоғырлардың ең соңғы жолындағы ұйқаспен бірдей түсіп, сол елеңді тұтас дүние етіп құрастырып тұруы керек. Демек, өлеңдегі шумақ пен шоғырды шатастыруға болмайды: шумақ - қазақ поэзиясы құрылымында бұрыннан бар тәсіл, оның тармақ сандары біркелкі болады. Өлеңді шоғырларға бөліп құрастыру тәсілі қазақтың ауызша дамыған өлең-жырларында жоқ. Ол - жазба әдебиетке тән өлең құрылымы. Бұл құрылым қазақ поэзиясында Дулаттан басталады. Ақынның «Тегімді менің сұрасаң» деп басталатын өлеңі 6 шоғырдан тұрады. 1- шоғыр:

«Тегімді менің сұрасаң,  
Қалың найман нуынан.  
Жырымды менің сұрасаң,  
Сары алтынның буынан.  
Сырымды менің сұрасаң,  
Тұманың тұнық суынан.  
Кеудеме қайғы толған соң,  
Тұнық жырмен жуынам.  
Сорғалаған нөсердей Жырын тыңда ДУЛАТТЫҢ...»




Дулат "Айтқызбасымды айтқыздың" өлеңінде:




Менің атым – Байғыз қарт,  
Көзге түсер сиқым жоқ,  
Орынсыз күлер күлкім жоқ,  
Есепсіз ұйықтар ұйқым жоқ.  
Көзге қораш бойым бар,  
Теңізден терен ойым бар,  
Шынардан биік санам бар,  
Атан өгіз ағызған  
Ақылдан алпыс салам бар.  
Қорған құрыш сөзім бар,  
Бұлттан өтіп, мұнарды  
Болжайтұғын көзім бар...  
Қайратымнан атым зор  
Белгілі атым өлемге.  
Қорашсынсаң денемді,  
Кеудем – ақыл сарайы,  
Кірем десең, кел, міне, – дейді.





О, Ақтан жас, Ақтан жас,  
Сенде жетер ме екенсің?  
Жетімдіктің белінен


Асып өтер ме екенсің?  
Жарық сәуле көре алмай,  
Ел шаңына ере алмай,



Сол бойы кетер ме екенсің?  
Жапанға біткен жапырақ  
Жамылсан тонар ма екенсің?

Жазғы шыққан бүлдірген  
Сұғыңсаң тояр ма екенсің?  
Күрек тісін қасқайтып

Сұлу сүйер ме екенсің?  
Бадана көз, тоғыз тор  
Сауыт киер ме екенсің?




Білтеліні тұтатып,  
Түтінін үзбей оқ атып,  
Жау қашырар ма екенсің?





Тұлпар атты жаратып,  
Құйрық - жалын таратып,  
Бежін ерді ерлетіп,  
Жорыққа жортып, терлетіп  
Сырты қырлы, жүзі алмас,  
Салған дағы жоғалмас  
Сапы асынар ма екенсің?  
Босағасын борлатқан,  
Таңдайға дәмі татымас  
Керегесін торлатқан,  
Тегерішін манаттан,  
Жібектен ызып бау таққан  
Үйге кірер ме екенсің?  
Тең құрбыңмен теңеліп,  
Шаруа жиып кенеліп,  
Бала сүйіп, мал жиып,  
Керсеніңе бал құйып,  
Өмір де сүрер ме екенсің?  
Жетімдіктен өтерсің,  
Шаң бермей әлі кетерсің.  
Қажыма, Ақтан, қажымы,  
Жетерсің, әлі жетерсің.





*Назарларыңызга рахмет!!!*

*Большое  
спасибо!*

*Маман*